

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.277-279

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ КҮРІШ ӨНДІРІСІНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мұятова Г.С.*

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан 2050 » стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауында «ауыл шаруашылығын әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайын ауқымды жаңғырту қажет» - деп атап көрсетті [1].

Елбасының ауыл шаруашылық қызметкерлерінің, еңбеккерлерінің алдында қойып отырған талабы көңілге қонады. Өйткені кең байтақ қазақ даласында ауыл шаруашылығын дамытуға болатын жағдайлар бар. Осы тұрғыда да Елбасы әлемдегі елдердің ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіншіліктерін Қазақстанмен салыстыра отырып «Әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болуға және ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға бізге мыналар қажет: 1) Егіс алаңын ұлғайту. Барлық елдерде мұндай мүмкіндік жоқ. 2) Егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар есебінен көтеру қажет» [1] - деп біздің елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндіктер бар екенін де баса көрсетіп берді.

Қазақстандағы күріш өсіруші ең үлкен аймақтың бірі – Сыр өңірі. Сыр өңірі өте көне суармалы егіншілік аймағына жатады. Б.э.б. 5000-4000 жылдарда егін шаруашылығы дамыған, оны ежелгі антик, грек, парсы ғалымдары өз зерттеулерінде дәлелдеген.

Қызылорда облысында күріш шаруашылығын дамыту туралы оның тарихы жөнінде мағлұмат берген белгілі тарихшы, ғалым М.К.Кереев болды. Оның «Город на Сырдарье» [2] атты кітапшасында күріш шаруашылығына қысқаша тоқталып өтеді. Аталмыш автор өзінің еңбегінде Қызылорда облысындағы соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығының даму тарихы туралы қысқаша мәліметтер ғана берген.

Қазақстандағы күріш шаруашылығын дамытуға өзіндік үлес қосқан диқан, Қызылорда облысының Қармақшы совхозының күрішшісі, Социалистік еңбек Ері, батыр ана Сәлима Жұмабекова туралы Ш.Құттаяқовтың «Салиманың көктемі» очерктері еңбегіндегі диқанның күріш дақылын өсірудегі тәсілдері және С.Жұмабекованың жеткен жетістіктері баяндалады [3].

Облыс экономикасында күріш шаруашылығы негізгі рөл атқарады. Облыс халқының, әсіресе ауыл тұрғындарының негізгі тамақ өнімдеріне жататын, күріштің тұтыну стандарты республика бойынша жан басына

есептегенде бір жылға 8 кг-нан келсе, облыс тұрғындарының бұл өнімді тұтыну көлемі 13 кг-ға жетеді. Республика бойынша өндірілетін күріштің 80%-ы Қызылорда облысында өндіріледі және негізгі өндірісі күріш дақылы болып табылатын Қызылорда облысы үшін күріш өндірісі тиімділігін арттыру, сапалы өнім өндіру, тиімді өткізу аймақтың күріш шаруашылықтары мен кәсіпорындарының негізгі мәселесі.

Күрішті өсіру – тұзданған өнімділігі нашар жерлерді түбегейлі мелиорациялауды жүзеге асыратын қуатты фактор. Облыста аймақтың нақты табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген, өнімділігі үйлесімді және тұрақты күріштің аудандастырылған күріш сорттары өсіріледі.

Қызылорда облысы елімізді күріш өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған негізгі ірі экономикалық аудан болып саналады. 2007-2008 жылдардағы елімізде күріш егістіктерінің және күріштің жалпы өнімінің екі есеге азайып, 2009 жылдан бастап қайтадан арта түскенін байқауға болады [4].

2011-2012 жылдар аралығындағы күріш өндірісінің орта есеппен 75 пайызы республиканың ауылшаруашылығы кәсіпорындарында өндірілген. Орташа есеппен алғанда 37,6 ц/га шаруашылық-фермерлік қожалықтарда күріш өнімі алынды. Жалпы өнім 2011 жылы 238,0 мың тн., 2012 жылы 247,9 мың тн., 2013 жылы 208,6 мың тн., 2014 жылы 257,5 мың тн., 2015 жылы 316,2 мың тн. құрады.

Қызылорда облысында — Қазақстанның негізгі күріш шаруашылығымен айналысатын аймағында 2016 жылы 77,3 мың га жерге күріш егілген. Жалпы түсім 365 мың тоннаны құрады. 2017 жылы шамамен 70 мың га жерге күріш егу жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі салалардың ішінде күріш шаруашылығы Қазақстанның азық-түлік қажеттілігі толық қамтамасыз етілген сала (Еліміздегі халықтың өзін күрішпен қамтамасыз ету деңгейі 116-120%-ға жеткен) [5]. Қазақстан күрішті 400-500 мың тонна көлемде өндіре алады (240-300 мың тонна күріш жармасы). Кейбір аймақтарда күріш өндірісі ішкі қажеттілікті қамтамасыз ете алмайтын болғандықтан (Ресейде талғампаздардың бағалауынша күріш жармасына қажеттілік 610 мың тонна көлемінде болса, ал өндірілетіні небәрі 250 мың тонна), жақын және алыс шет елдерге күріш импортына мүмкіндік бар.

Қазақстанның күріш жармасын өндіруде 80 пайызын қамтамасыз ететін Қызылорда облысында күріш шаруашылығын дамытуға соңғы жылдары көптеген миллион қаржылық ресурстар көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге несие түрінде, тура инвестициялар түрінде, тұқым өндірісіне демеу қаржы беру арқылы, минералдық тыңайтқыштарды алуға және басқаларға жұмсалуда [6].

Қабылданған шаралар мен ішкі рыноктағы күрішке деген бағаның тұрақты өсуі өзіміздің күріш шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне оң әсерін тигізді. Мысалы, 1 гектар күріш егісіне орташа 50,0-55,0 мың теңге шығын жұмсап, өңделген түрінде гектарынан 30-32 центнер таза күріш алатын болсақ, онда күріш өндірісінің тұрақты рентабельділігін қамтамасыз

етуге болады. Қазірге кезде 1 кг күріш жармасының бағасы ішкі рынокта 30-35 теңгеден 55-60 теңгеге дейін көтеріліп, осы деңгейде сақталуда. Ішкі рынокта қазақстандық күріш тұрақты сұранысқа ие болуда, ал 1 кг күріш салысының бағасы 28-30 теңге деңгейінде ұсталуда. Қазіргі кезде ірі шаруашылықтарда 1 тонна күріштің өзіндік құны 12900-13850 теңгені құрайды [7].

Күріш өндірісінде қолданылып жүрген технологияда Қызылорда облысында жазғы уақыттары судың жетіспеуінен жұмыс қолы жеткілікті майда шаруа субъектілері қаржы ресурстарының аздығынан барлық технологиялық процестерді толық жүргізе алмаған жағдайда Қытай, Корея, Жапония және басқа Азия елдерінде тараған күрішті көшеттеп отырғызу технологиясын қолдану мүмкіндігін зерттеу мен әзірлеу қажет.

Күріштің ресурс үнемдейтін селекциясы мен тұқым шаруашылығы жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін элиталық-тұқым шаруашылығы шаруашылықтары мен ғылыми-зерттеу мекемелерін қайтадан техникамен жарақтандыру қажет. Соңғы кездері нарық талаптарына бейімделетін күріштің жаңа сорттарын шығару мен өндіріске енгізу жұмыстары жандандырылуда. 2010-2011 жылдары күріштің жаңа сорттары Арал 318, Арал 202, Ару, Арал 4 шығарылды. Соның ішінде Арал 202 мен Арал 4 сорттары Маржан, Кубань 3, Авангард және басқа сорттардан күріш салысының жалпы өнімі жөнінен 2,0 және 4,0-6,0 ц/га тиісінше артық қана емес, сонымен бірге күріш өндірісінің соңғы өнімі – күріш жармасының жоғары сапалық көрсеткіштерінің 5,2 және 6,7 ц/га артықтығымен сипатталады.

Қызылорда облысы халқының басты табыс көзі болып отырған күріш шаруашылығын дамыту мақсатында егіншілік мәдениетін көтеріп, жаңа инновациялық технологияларды дайындап, өндіріске енгізу және күріш шаруашылығы саласындағы әлемдік жетістіктерді трансферттеу арқылы еңбек өнімділігін ұдайы арттырып отыру қажет.

Аймақтық аграрлық-өнеркәсіптік кешен (АӨК) өндірістік жүйесінің тиімді жұмыс атқаруы сапалы құрылған басқарудың ақпараттық камсыздандырылу жүйесіне де байланысты. Қазіргі таңда елімізде барлық салаларға ендірілген жаңа ақпараттық технологияларға техникалық қолдау жасайтын компьютерлер саны мен байланыс құралдарының прогрессивті артуы байқалғанымен, оларды өндіріске ендіру тұрғысынан Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы басқа елдермен салыстырғанда едәуір артта. Жаңа ақпараттық технологияларды АӨК экономикалық үдерістерін басқаруда қолдану бұл күрделі жүйенің өзіндік ерекшелігіне қарай бағытталауы тиіс. Ауылшаруашылығы саласында ауқымды желіні қолдану ауылшаруашылығы кәсіпорындарына министрлік және жергілікті басқару ұйымдарымен ақпарат алмасу, есеп беру; ауылшаруашылығы заңнамалары мен нормативтік актілерінің өзгерістерімен дер кезінде танысу; еліміздегі ғана емес шет елдердегі де өнім өткізу арналарымен байланысып, келісім-шарт жасау; агрохимиялық өнімдер, агротехникалық машиналары өндіріс

орындарымен серіктестік орнату, интернет-сауда жүргізу сияқты тиімді мүмкіндіктер береді [8].

### Әдебиеттер тізімі

1.«Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан.-2012.-15 желтоқсан.-4б

2.СЫР ЕЛІ. Қызылорда облысы: Энциклопедия/Бас редактор Б.Ғ.Аяған.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. -544б. 274бетте

3.Қазақстан күріші. –Алматы: Қайнар, 2014.- 320б.

4.Қозыбаев М. Казахстан – арсенал фронта:-Алматы: Қайнар, 2013-180б

5.Қазақстандық Социалистік Еңбек Ерлері.- Алматы: Қазақстан, .-Т.2.-716б.

6.Волконский Н. Күріш егісін суарушыға көмек. –Алматы: Қайнар, 2016.-119б

7.Айдосов А. Жер иесі – жастар:-Алматы, Қайнар, 2000.

8.Әбдікәрімов И. Сенімді кадаммен: (Қызылорда облысы Жалағаш ауданы еңбеккерлерінің күріш өсіру тәжірибелері туралы). –Алматы: Қайнар, 2016.-142б

9. Kyzylorda Oblysyndagi Kurish Ondirisinin Damu Mseleleri URL: <http://group-global.org/ru/publication/57062-kyzylorda-oblysyndagy-kurish-ondirisinin-damu-mseleleri>

*Ғылыми жетекші: аға оқытушысы Р.М. Саметова*